

Торайғыров университетінің  
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
Торайғыров университета

---

**ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ  
ХАБАРШЫСЫ**

**Филологиялық сериясы**  
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК  
ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТА**

**Филологическая серия**  
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

---

**№ 3 (2020)**  
**Павлодар**

# НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

## Филологическая серия

выходит 4 раза в год

---

## СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на учет, переучет периодического печатного издания,  
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPYU00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития  
Республики Казахстан

## Тематическая направленность

публикация материалов в области лингвистики, и языкознания

Подписной индекс – 76132

---

## Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

*д.ф.н., профессор*

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., доктор *PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., доктор *PhD*

## Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *д.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

---

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/AXAC3818>

**М. С. Атабаева, С. К. Салихова**

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,  
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

## **СУ НЫСАНЫ АТАУЛАРЫ МАЗМҰНЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ДҮНИЕТАНЫМ КӨРІНІСТЕРІ**

*Мақалада «Тірілік көзі – су нысаны» атаулары мазмұнындағы ұлттық дүниетанымдық ақпарат жайында сөз болады. Жер-су атауларының мол қабаты – су нысаны жағдайында белгілі сөздер қайтадан жаңа атаулар жасауға жол ашады, оның бастапқы атаумен белгілі байланысы және жаңа атау жасауда лексикалық бірліктері қарастырылады. Су – тірілік көзі», сондықтан болар қазіргі күні мағынасы көмескіленіп кеткен атаулардың төркінін «індетіп» зерттегенде, оның сумен байланысы анықталады. Су нысаны атаулары: өзен-көлдер, бастау-бұлақтар өзіндік ерекшеліктеріне, яғни түр-түсіне, суының дәміне, көлемі мен тереңдігіне, айналасындағы өсімдік пен жан-жануарлар дүниесіне, сан-мөлшеріне, халықтың наным-сеніміне, діни және мифтік көзқарастарына, географиялық орнына т.б. көптеген белгілеріне байланысты таңбаланып, атауға ие болады.*

*Кілтті сөздер: гидроним, жер-су аттары, таным, апелляция, топонимиялық атау.*

### **Кіріспе**

Қазақтың кең байтақ даласының әр тасы, бел-белесі, өзен көлі, үлкенді-кішілі мекен тұрағына ат қойып, айдар тағу есте жоқ ескі замандардан келе жатқан үрдіс екені белгілі. «Кез келген жалқы есімнің тууы да, қалыптасып дамуы да тарихтың қойнауында өтеді. Халықтың күн көрісіне, оның материалдық және рухани дамуына әсер етуші экстралингвистикалық және лингвистикалық факторларға – бөріне тарих куә. Жалқы есімдерге тарихтың қатынасы – олардың адам өмірімен жан-жақты байланыста болуында. Бұл тарихи дамудың алғашқы кезеңінен бастап-ақ, өмірге деген қажеттіліктен туындаған. Сондықтан болса керек, дәуір және адам танымының деңгейі атаулардан көрінеді» [1, 39 б.]. Қазақстанда 1989 жылдан бастап, «Қазақстанның географиялық атаулары аталатын көп томдық

еңбек жарыққа шығып келеді, «Қазақстанның географиялық атаулары. Алматы облысы» еңбегі 2005 жылы жарық көрген. Т. Жанұзақов бұл еңбекті жазуда кездескен қиыншылықтың бастысы бұрын-соңды Алматы облысы топонимиясы бойынша арнайы еңбектің жоқтығы; екіншіден, жер-су аттарының тым көнелігі, сондықтан фономорфологиялық өзгерістерге ұшырап, мағыналарының құпия, жұмбақ болып кетуі деп есептейді [2; 9–11 бб.]. Осындай фономорфологиялық өзгерістерге көбірек ұшыраған су нысаны атаулары деуге болады. Қазақстан гидронимдері аймақтық топонимия бойынша зерттеулерде қарастырылып келеді. Ал арнайы зертелуі Павлодар облысы [3], Қазақстанның солтүстік өңірі [4], Шығыс Қазақстан [5] аймақтарының су нысаны атаулары арнайы зерттеу нысаны болып, диссертациялық еңбектер жазылса, Жетісу гидронимдері оқу құралы [6], мақала [7], көлемінде Г. Е. Сарбасова, Г. Т. Чукенаева, Г. Е. Қожақова еңбектерінде зерттеліп келеді.

**Зерттеудің нысаны:** Су нысаны атаулары мазмұнындағы ұлттық дүниетаным көріністерін айқындау.

**Зерттеудің пәні:** Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы, Ономастика теориясы мен практикасы

**Мақсаты:** Қазақтың кең байтақ даласының әр тасы, бел-белесі, өзен көлі, үлкенді-кішілі мекен тұрағына ат қойып, айдар тағу есте жоқ ескі замандардан келе жатқан үрдіс екені белгілі. Солардың бірі – су нысаны атаулары мазмұнындағы ұлттық дүниетаным көріністерін айқындау.

**Міндеттері:**- Ономастиканың су нысандары атауларының зерттелуі;

- Гидронимдік атаулар мазмұнындағы ұлттық мәдени ақпаратты танып білу үшін талдау әдістерін анықтау;

- Су нысаны атаулары мазмұнындағы ұлттық дүниетаным көріністерін айқындау, қарастыру.

**Зерттеудің әдістері мен нәтижесі**

Ономастиканың су нысандарын зерттейтін саласы гидронимдер деп аталады [8, 327 б.]. Н. В. Подольская гидронимдерді: гелеоним (батпақ, батпақтанған жер), лимноним (көл, тоған), потамоним (өзен), пелагоним (теңіз және соған қатысты) атауларға бөледі [9]. К. Қаймулдинова гидронимдердің ерекшелігі ретінде басқа топтағы атауларға қарағанда олардың көнелігін және уақыт өте келе саны арта түсетіндігін атайды, бұны жасанды су көздерінің пайда болуымен байланыстырады. Халықтық терминдер су нысанының түрін, сипатын және басқа ерекшеліктерін анықтауға болады деп есептейді [10, 102-б.]. Осы көне атаулар мен олардан туындайтын тілдік бірліктер лингвистика ғылымының нысаны болып табылады. Гидронимдік атаулар мазмұнындағы ұлттық мәдени ақпаратты танып білу үшін лингвистикалық талдау әдістері қолданылады. Бұл әдістерден жиі қолданылатыны –

этимологиялық талдау әдісі. Сонымен қатар, сөзжасамдық, семантикалық, компоненттік, құрылымдық, лингвомәденитанымдық талдаулар арқылы ұлттық дүниетаным мазмұнын түсінуге болады.

Адам баласының алғашқы қоныстары су көздері маңында пайда болғанын қазіргі кездегі тарихи-археологиялық деректерден белгілі. Адамзат тарихындағы алғашқы географиялық атаулар да сумен байланысты болған [10, 102 б.]. Түрлі тарихи кезеңдерде тайпалар мен халықтар белгілі бір территорияда бірін-бірі алмастырып, өзгеріп отырса да, олар тарихтан ізсіз жоғалып кетпейді. Қазіргі өзен, су аттарында әртүрлі ру, тайпа аттарының да кездесуі тарихпен тығыз байланысты. Қазақстан территориясындағы өзен, көлдердің атауларында араб, иран, моңғол, орыс тілдерінен енген сөздер мен қазақтың байырғы ру, тайпаларының аттары және адам есімдері жиі кездеседі. Көпшілік атаулар өзен-көлдердің өзіндік ерекшеліктеріне, яғни түр-түсіне, суының дәміне, көлемі мен тереңдігіне, айналасындағы өсімдік пен жан-жануарлар дүниесіне, сан мөлшеріне, халықтың наным-сеніміне, діни және мифтік көзқарастарына, географиялық орнына т.б. көптеген белгілеріне байланысты аталады. Сондықтан да топонимдер жүйесінде «су» мағыналы атаулар өте үлкен орын алады [11, 202–206 бб.]. Ол халық даналығы «Су - тіршілік көзі» ұғымымен өзектес. «Сулы жер - нулы жер» деп түсінген халық мал-жанына қолайлы жайылымды, сулы жерді қоныс еткен, сондықтан қазіргі күні мағынасы көмескіленген атаулардың төркінінен тартатын сыр «су» ұғымына қатысты болып шығады. «Су» ұғымына қатысты гидронимдер бұлақ, бастау, қайнар, тұма, көл, өзен, саз т.б. халықтық термидері арқылы жасалады. Ұзынбұлақ, Айнабұлақ, Жасылкөл, Қарасу, Сорбұлақ, Суықбұлақ т.б. гидронимдердің бірінші сыңары нысанның әр алуан белгі, қасиетін білдіреді.

Тілдердің қай-қайсысында болмасын сөздер жалпы және жалқы есімдер болып екі үлкен топқа бөлінеді. Жалқы есімдер тілдегі жалпы есімдердей құрылысы мен қолдану жүйесіне және мағыналық ерекшелігіне қарай әртүрлі. Т. Жанұзақов жалпы есім сөздердің сөз өзгерту, сөз түрлендіру қасиеттеріне бейім тұратыны әрі топонимдердің жалпы есімдермен салыстырғанда, көптеген айырмасы барын айқындайды. «...Шымкент деген топоним бір ғана географиялық объектіні атап көрсетеді. Ал жалпы есім болса, бір ғана зат атауы болып қоймай, заттың мән-мағына, ұғымын да білдіреді. Оған дәлел «аудан» сөзі бір ғана географиялық мағына білдіретіндік қасиетке ие болып отырады (аудан – елді мекен, шаруашылық, өндіріс, өнеркәсіп, мекеме, ұйым т.б. бағынатын әкімшілік орталық). Топонимдер мен жалпы есімдер арасында стилистикалық, грамматикалық, лексикалық, синтаксистік жағынан айырмашылықтар ерекшеліктер басым келеді» [1, 76–77 бб.]. Жалпы есімге қарағанда, жалқы есімнің өзіндік ерекшелігі

де, жасалу айырмашылығы да бар. Жалқы есімдер – басқа жалпы есімдерден ажырату үшін қолданылатын арнаулы атаулар, сонымен қатар жалқы есімдер жалпы есімдерден, яғни апеллятивтерден жасалады. Жалпы есім атауының негізгі қызметі – белгісіз нысандарды белгілі түсініктерге сәйкестендіре отырып атау. Жалқы есімдердің негізгі міндеті – белгілі бір заттың арасынан белгілі нысанды атау [12, 7–25 бб.].

Заттар ұғым, түсінікпен байланысты болғандықтан, онымен сәйкестік талап етілмейді. Осындай жағдайда белгілі сөздер қайтадан жаңа атаулар жасауға жол ашады, оның бастапқы атаумен белгілі байланысы және жаңа атау жасауда лексикалық бірлік негізгі сөз жасаушы болмауы мүмкін: Сарыөзек, Жаркент, Ащысай, Талдыбұлақ, Ұзынбұлақ, Бабатоған, Жарсу, - топонимдер, осы жалқы есімдерге қатысты алғанда, өзек, сай, масақ, тоған, бұлақ, су, жота, апеллятивтер болып табылады.

Апеллятив – жалқы есімдерге қарама-қарсы қойылған тілдің лексикалық қорындағы кез келген сөз, жалпы есім біртектес заттарды атайды. Ал жалқы есімге айналғанда, барлық жалқы есімдер сияқты нақты бір нысанды жекелеп атайды [12, 89 б.]. Осыған орай, Б. Бияров «...кәдімгі лексикамыздағы айдын, арна, өзен сөздері қажетіне қарай, Айдын, Арна, Өзен гидронимдеріне айналып шыға келеді деген сөз» [13, 30 б.], – дейді. Осындай жеке дара түбір күйінде топонимге айналған апеллятивтер Алматы облысында да кездеседі: Аласа (асу, Райымбек ауданы), Арна (ауыл, Іле ауданы), Дала (ауыл, Кербұлақ ауданы), Жабық (тау, Алакөл ауданы), Тұйық (кент, Райымбек ауданы), Шат (тасты жер, Райымбек ауданы) т.б. Апеллятивтер де нақты географиялық терминдер тәрізді тармақтарға бөлінеді. Солардың ішінде гидрографиялық апеллятивтер: су, теңіз, өзен, қайнар, бұлақ, бастау, құдық, көл, арық, саз, тоған т.б. (Тоғызбұлақ ауылының адамдары бұрын ағаш екпейтін. Айтуарлар ауылы Шилікұдық басында отыр (С. Байжанов).

Сөйтіп, жалқы есімдер белгілі себептерге байланысты қойылған, таңылған атау – таңба, оларға сөз мағынасының түрленуі, өзгеруі тән емес, фонетикалық т.б. себептерге орай, лексикалану, көмескілену – үдерісіне ұшырауы мүмкін, сондықтан жалқы есімдер мағынасы этимологиялық талдауды қажет етеді. Осыған орай, барлық топоним апеллятивтен пайда болған. Топонимнің этимологиясы дегенміз апеллятивті қалпына кетіру деген тұжырым да жасалған [14, 127–137 б.]. Асы (Асы) – жер, жайлау, өзен. Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданындағы биік таудағы өзен де, жайлау да осылай аталады. Т. Жанұзақовтың атаудың негізгі мағынасына зер сала отырып, пайымдауына қарағанда, көне түркі тілінде *жәзі* – «дала», «жазық», «кең алқап» мағынасын білдіретінін сөз, өзбек тілінде *яси* – «жазық», түрікмен, әзербайжан тілдерінде де – *язы*, *язи* «дала, жазық» мағынасын білдіреді [15, 65 б.]. Т. Жанұзақов бастапқыда осы деректер бойынша, Асы

атауы – әуел бастағы жазі, язы сөздерінің замандар бойы дыбыстық өзгеріске ұшырап, тұлғалық жағынан түрленген қалпы әрі Асы өзені ағып жатқан тау етегінің кең жазық болып келуі де атаудың қойылу себебін дәлелдей түседі деп пайымдайды [9, 65 б.]. Асы атауына байланысты басқа да болжамдар бар, солардың бірі, тарихшы ғалым Ә. Байбатша Ю. Зуевтің: «Ассақтар, яғни асы тайпасы б.д.д. V-IV ғасырда құрылған Ұлы жүз одағының бірі болып, Үйсін мемлекетінің құрамына кірген» деген пікірін қолдайды. Т. Жанұзақов археологтар: Ә. Марғұлан, Т. Сенигова еңбектеріндегі «Асылар - қазақ даласын мекендеген сақ тайпаларының үлкені» дейтін тұжырымдарды саралай келе, қазақ жеріндегі «Асы атымен байланысты жер-су атауларының сол тайпа атынан қойылғанын байқауға болатындай» деген жорамал айтады [15, 65–66 б.]. Егер көне атаулардың жасалуына негіз болатын «су» ұғымы екенін ескерсек, тайпа сол өзен маңайын мекендеуіне байланысты Асы аталуы мүмкіндігін жоққа шығаруға болмайды. Жер-су атауларының ежелгі, көне қабаты жайындағы мәліметтер V–X ғасырлардағы Орхон, Енисей, Селенг, Іле, Талас өзендері бойларынан табылған V–VIII ғасырлардың жазба ескерткіштерінде, V–IX ғасыр көне жазбаларда сақталған. Бұл ескерткіштер қазіргі түркі тілдерінің көбіне ортақ болуымен бірге қазақ тайпаларының көне замандағы тілі құрылымынан да мағлұмат беретіні мәлім [14, 132–133 б.]. Кеген — Алматы облысы, Райымбек ауданындағы өзен, ауыл аудан орталығы атауы. Ғ. Қоңқашбаевтың пайымдауынша, өзен аты монғол тіліндегі геген – «әулие, қасиетті» мағынасын білдірсе [16, 92 б.], А. Әбдірахманов атауды монғол, бурят тілдері деректеріндегі гэгээн - «ашық, айқын, жарық» мағынасынан іздейді [17, 101-б.]. Кеген өзен атауы ретінде М. Қашқари еңбегінде: «Кейкан – Ulug Kejkan, Kicig Kejkan тұлғаларында беріліп, Қаяс тауынан Ыла (Іле) өзеніне қарай ағатын өзен аттары» [18, 1, 190 б.] екені айтылған. Т. Жанұзақтың осы кей сөзі ерте замандарда кейде кей, кейде күй, енді бірде күй тұлғаларында қолданылып, «үңгір, үлкен шұңқыр, өзен арнасы, жағасы (хакас тілінде), «терең сай, биік жар, тік жар, (қазақ, қырғыз тілдерінде) мағыналарын білдіргенін айта келе, соңғы дерекке сүйеніп, кей сөзінің й дыбысы түсіп қалған, ал ке тұлғасына қосылған ген сөзі түркі тілдерінде «су, өзен» мағынасында қолданылған, сондықтан Кеген атауының мағынасы «терең сай, арнадағы өзен» дегенді аңғартады [15, 84 б.] дейтін тұжырым жасайды.

### **Қорытынды**

География ғылымы гидронимдердің кеңістікте таралуы мен шоғырлануына ықпал ететін бірнеше факторды көрсетеді: жер бедерінің жаратылысы; тау жыныстары мен шөгінділердің сипаты; су режимі; су құрамы; су сапасы. Өзен-көлдердің суының сапасы, құрамы т.б. белгілер шаруашылық, тұрмыс-тіршілік үшін өте маңызды. Халық ежелден-ақ осыны

қажеттілікті бағалап, таныту мақсатында гидронимдер құрамында «жаман-жақсы», «ашы-тәтті», «жылы-суық» антонимдерімен қатар, тұз, сор, боз анықтауыштарын қолданған [2, 107–108 б.]. М.: Ащыбұлақ, Ащысу - суы ішуге жарамсыз; Ащысай – ащы сор көп; Тұздыбастау, Тұзкөл – ащы, тұзды су, Жаманбұлақ- Райымбек ауданындағы көл, атау «төңірегі шалшық, лай, батпақты» көл дегенді білдіреді т.б.

Атаулар жүйесін жасаушы адамзат қауымы, сондықтан, жалқы есімдердің, оның ішінде ауқымды саласы - гидронимдердің қалыптасуында адам және қоғам факторлары ерекше мәнге ие. Атаулардың қай-қайсысы да белгілі бір уәжге негізделген, осы уәждер атау жасаушы тіл иесінің тұрмыс-тіршілігінің, қоғамдық-әлеуметтік өмірінің көрінісі ретінде танылады. Елді мекенге ат қою баршаға, барлық өңірге ортақ болғанымен, барлық аймақтың топонимиялық жүйесі бірдей болмайды. Бұл айырмашылық аймақтың жер бедеріне, ауа райына және осы белгілерге негізделген тұрмыс-тіршілігіне сай туындайды.

### Пайдаланған деректер тізімі

1 **Жанұзақ, Т.** Қазақ ономастикасы. – Астана : ІС – Сервис ЖШС, 2006., – Т. 1. – 400 б.

2 **Жанұзақ, Т.** Қазақстан географиялық атаулары Алматы облысы. – Алматы : Арыс, 2005. – 256 б.

3 **Попова, В. Н.** Гидронимы Павлодарской области: Авторф.канд.филол. наук. – Томск 1966. – 20 с.

4 **Бекенова, Г. Ш.** Қазақстанның Солтүстік өңірі гидронимдері (семантикалық типология). Филол. ғыл. канд. диссертация. – Астана, 2002.- 175 б.

5 **Мадиева, Г. Б.** Гидронимия Восточного Казахстана : диссерт. канд. филол. наук, 1990. – 160 с.

6 **Сарбасова, Қ. Б., Чукенаева, Г. Т.** Жетісу гидронимдері.- Талдықорған, 2011. – 86 с.

7 **Қожақова, Г. Е. І.** Жансүгіров шығармаларындағы гидронимдер мен гидронимдік апеллятивтер // ҚазҰУ. Фил. сериясы. – №4(144). – 2013. – 197–201 б.

8 **Қалиев, Ғ.** Тіл білімі терминдерінің сөздігі. – Алматы : Сөздік-Словарь, 2005. – 440 с.

9 **Подольская, Н. В.** Словарь русской ономастической терминологии.-М.: Наука, 1988. – 187 с.

10 **Қаймульдинова, К. Д.** Топонимика. – Алматы : Дәуір, 2011. – 336 б.



11 **Дауытқұлова, А.** Су нысаны атауларындағы ұлттық дүниетаным іздері // Ү халықаралық түркі әлемі зерттеулері симпозиумы. 2018, 11-13 қазан 202–206 б.

12 **Мадиева, Г. Б., Иманбердиева, С., Мадиева, Д. Б.** Ономастика : теориясы мен практикасы. – Алматы : Қазақ университеті. – 192 б.

13 **Бияров, Б.** Жер-су аттарының сөзжасамдық үлгілері. – А : МТДИ, 2012. – 460 б.

14 **Атабаева, М. С.** Жер-су атауларының көнетүркілік қабаты жайында// Жер-су атауларының көнетүркілік қабаты жайында // ALTAU COMMUNITIES. Language and Literature Issues. Istanbul, 2017. – 127–137 б.

15 **Жанұзақов, Т.** Жер-су атаулары. – Алматы : Өнер, 2011. – 496 б.

16 **Конкашбаев, Г. К.** Казахские Народные географические термины : Автореф.дисс. канд. геогр. наук№ – Алматы, 1949. – 23 с.

17 **Әбдірахманов, А.** Топонимика және этимология. – Алматы : Ғылым, 1975. – 206 б.

18 **Қашқари, М.** Диуани-луғат-ит-түрік. – 1997, 1. – 590 б.

## References

1 **Zhanuzak, T.** Qazaq onomastıkasy [Kazakh onomastics]. Astana : Event Service LLP, 2006, Vol. 1. – 400 p.

2 **Zhanuzak, T.** Qazaqstan geografıalyq ataýlary Almaty oblysy. [Geographical names of Kazakhstan Almaty region]. – Almaty : Arys, 2005. – 256 p.

3 **Попова, V. N.** Gıdronımy Pavlodarskoı oblasti. [Hydronymy Pavlodar region.] – Tomsk, 1966. – 20 p.

4 **Beknova, G. Sh.** Qazaqstannyń Soltústik óńiri gidronımderi (semantıkalyq tipologıa). Filol. ғыl. kand. disertasiya. [Hydronyms of the northern region of Kazakhstan (semantic typology)]. Philol. science. Kand. dissertation. – Astana, 2002. – 175 b.

5 **Madieva, G. B.** Hydronemistry of East Kazakhstan: dissert. Kand. philol. Nauk, 1990. -160 P. [Madieva G.B. Gıdronımya Vostochnogo Kazahstana: dissert. kand. filol. naýk, 1990. –160 p.

6 **Sarbasova, K. B., Chukenaeva, G. T.** Jetısıy gidronımderi. [Hydronyms of Semirechye]. – Taldykorgan, 2011. – 86 p.

7 **Kozhakova, G. E.** İ.Jansúgirov shyǵarmalaryndaǵy gidronımder men gidronımdik apellátıvtter [Hydronyms and hydronomic Appeals in the works of I. Zhansugurov] In Kaznu. Phil. series. № – 4(144). – 2013. – 197 P. 201

8 **Kaliev, G.** Til bilimi terminderiniń sózdigi. [Dictionary of Linguistics terms]. – Almaty : Sózdik-Slovar, 2005. – 440 p.

9 **Podolskaya, N. V.** Slovar rýsskoi onomasticheskoi terminologii. [Dictionary of Russian onomastic terminology]. – Moscow : 1988 – 187 p.

10 **Kaimuldinova, K. D.** Toponimika. [Toponymy]. – Almaty : Epoch, 2011. – 336 p.

11 **Daýytqulova, A.** Sý nysany ataýlaryndaғы ulttyq dúmetanym izderi [Traces of the National worldview in the names of water forms] In V International Symposium on research of the Turkic world. – 2018, 11-October 13. – 202–206 p.

12 **Madieva, G. B. Imanberdieva S., Madieva D. B.** Onomastika: teoriasy men praktkasy. [Onomastics : theory and practice]. – Almaty : – 192 p.

13 **Biyarov, B.** Jer-sý attarynyñ sózjasamdyq úlgileri. [Word-forming examples of land and water names]. – Almaty : 2012. – 460 p.

14 **Atabayeva, M. S.** Jer-sý ataýlarynyñ kónetúrkilik qabaty jaynda [About the ancient Turkic layer of Earth and water names] In ALTAY SAMMUNITIES. Language and Literature Issues. – Istanbul, 2017. – 127–137 p.

15 **Zhanuzakov, T.** [Land and water names]. – Almaty : Art, 2011. – 496 p.

16 **Konkashbayev, G. K.** Jer-sý ataýlary. Kazahskie Narodnye geograficheskie terminy. [Kazakh people's geographical terms] : Abstract.diss. Cand. geogr. sciencesi – Almaty, 1949. – 23 p.

17 **Abdrakhmanov, A.** Toponimika jáne etimologia. [Toponymy and etymology]. Almaty : publ., 1975. – 206 p.

18 **Kashgari, M.** Divani-lugat-it-Turk. – 1997, 1. – 590 p.

Материал 18.09.20 баспаға түсті.

*М. С. Атабаева, С. К. Салихова*

### **Проявление национальных мировоззрений в названиях водных объектов**

Казахский национальный женский педагогический университет,

Республика Казахстан, г. Алматы.

Материал поступил в редакцию 18.09.20.

*В статье делается обзор именных местностей в национальном мировоззренческом содержании «Водные объекты – источники жизни». Огромное количество названий местности и вод – открывает путь к новым названиям, дает возможность взаимосвязанно с новыми именами делать новые лексические единицы. «Вода – источник жизни», и довольно поэтому, сегодня, при исследовании его корневое название, определяется связь с водой. Названия водных объектов: реки – озера, родники, по особенностям цвета, вкуса, объему и глубине, растительному и животному миру, культуре, религии народа, мифологическому направлению, географическому*

*расположению и т.д. еще по многим признакам приобретают знаки и имена.*

*Ключевые слова: гидроним, название водных объектов и местности, познание, аппелятив, топономическое название.*

*M. S. Atabayeva, S. K. Salikhova*

### **The manifestation of the national worldviews in the names of water bodies**

Kazakh National Women's Teacher Training University,

Republic of Kazakhstan, Almaty.

Material received on 18.09.20.

*The article gives an overview of the names in the national worldview «Water objects – sources of life». A huge number of terrain and water names open the way to the new names, makes it possible to create new lexical units in conjunction with new names. «Water is the source of life», and quite therefore, today, in the study of its root name, the connection with water is determined.*

*Names of water objects: rivers – lakes, springs, according to the characteristics of color, taste, volume and depth, flora and fauna, culture, religion of the people, mythological direction, geographical location, etc. in many ways they acquire signs and names.*

*Key words: hydronym, name of water bodies and place, cognition, appellative, place names.*

Теруге 30.09.2020 ж. жіберілді. Басуға 14.10.2020 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

2,23 Мб RAM

Шартты баспа табағы 28,8. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. Елемесқызы

Корректор: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 3710

Сдано в набор 30.09.2020 г. Подписано в печать 14.10.2020 г.

Электронное издание

2,23 Мб RAM

Усл. печ. л. 28,8. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. Елемесқызы

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 3710

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университет

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университет

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: [kereku@tou.edu.kz](mailto:kereku@tou.edu.kz)

[www.vestnik.tou.edu.kz](http://www.vestnik.tou.edu.kz)